

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

СӨЖ

Тақырыбы: Коммуникативтік компетенттіксіздегі дәрігердің
құқықтық жауапкершілігі

Қабылдаған: Жолдас К.

Орындаған: Қараханов А

Каримов Ғ

Тобы: ЖМ-101

Түркістан-2012

Жоспар:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Қорытынды
- Пайдаланған әдебиеттер

Кіріспе.

Дәрігердің маңызды міндеттерінің бірі, кәсіби біліктілігін үнемі жоғары деңгейде сақтап отыруы болып табылады. Арнайы білімдер мен іскерліктерді үнемі жинақтап отыру медициналық қызметкердің кәсіби парызы. Дәрігердің кәсіби біліктілігі, төтенше жағдайларда дербес шешім қабылдауға, орта және кіші медициналық персоналды басқаруға құқық береді. Дәрігердің біліктілігі пациенттің адамгершілік және заңдық құқықтарына қатысты көрініс беруі керек.



Дәрігердің өзін қоршаған ортасында жемісті қызмет атқару үшін қажетті тұлғааралық және кәсіби тәжірибесінің белгілі бір қалыптасқан деңгейі деп сипаттауға болады.

- Коммуникативті біліктілік тек адамға тиесілі қасиеттерге ғана байланысты емес, сонымен қатар қоғамда болатын өзгерістерге де (мәселен, денсаулық сақтау жүйесіндегі) және осы өзгерістерге орай жүретін дәрігер маманның әлеуметтік өзгерістеріне байланысты;
- Коммуникативті біліктілік – бұл дамдар арасындағы дамып отыратын саналы қарым-қатынас тәжірибесі (тұлға аралық тәжірибе), бұл тікелей адамдар арасындағы тәжірибеде қалыптасып, дамиды;



- Дәрігердің коммуникативтік білгерлігі - кәсіби маңызды қасиет. Мамандығына байланысты дәрігер үнемі және тығыз қарқынды қарым-қатынас жасауға мәжбүр болады: науқастармен және олардың туыстарымен, жақындарымен, басқадай медициналық қызметкерлермен (әріптестері, мейірбикелер, кіші мейірбикелер), мекеме әкімшілігімен, т.о. Тиісті мамандық дәрежеге және табысқа жету үшін дәрігер қатынасу біліктілігін, басқа адамдармен қарым-қатынас құру тәсілдерін, үнемі дамытып, жетілдіріп отыруы қажет. Науқаспен тиімді психологиялық жанасу арқылы нақтылы түрде және толық мәлімет жинастыру мүмкіншілігі туады. Дәрігер алдында тұрған мәселелердің нәтижелі шешілуі, ауру адаммен сенімділік және түсіністік жағдайға жетуі, оның қарым-қатынас икеміне, яғни коммуникативтік білгерлігіне байланысты.



- Сонымен, коммуникативтік білгерлік (компетенттік) дегеніміз- дәрігердің басқа адамдармен (науқас және оның жақындары мен туыстары, әріптестері, мейірбикелер, кіші мейірбикелер, т.б.) коммуникация тәсілдерін нәтижелі қолдана білу арқылы қарыш-қатынас жасау қабілеті. Дәрігер тағайындаған диагностикалық және емдеу шараларының дәлдігі мен дұрыстығына күдікті болмаған және дәрігерге толық сенім білдірген жағдайда ғана науқас дәрігер нұсқауларын толық орындайды, қажетті процедураларды сеніммен өтеді. Алайда, дәрігер мен пациент арасында бұндай психологиялық жанасу тұрақтанбаса ол дәрігерлік нұсқауларды немқұрайлық орындап, басқа дәрігерлерге бас бұрып немесе өзін-өзі емдеуге мәжбүр болады.



- Тұлға аралық тәжірибе ұжымда, топта қалыптасып, жүзеге асатын және адамның даралық жетістігі б.т.
- Дәрігердің коммуникативті біліктілігінің алғашқы да, негізгі белгісі, бұл жай ғана дәрігердің жеке қасиеті емес, бұл бірін-бірі түсінуге тырысатын адамдар санасының белгілі бір күш екеніне деген сенімі
- Дәрігердің коммуникативті мәдениеті дәрігерде белгілі-бір кәсіби көзқарастар мен сенімдердің, науқасқа деген эмоциональды, жағымды қарым-қатынасының және оның тұлғалық қасиеттеріне тәуелсіз, Коммуникативті дағдылар мен іскерліктер жинағының болуын талап етеді.



Дәрігердің ең басты міндеттері

Өзінің дәрігерлік қызмет адал және мұқиятты атқару. Науқастардың ауруының алдын алу немесе оны емдеу. Дәрігерлік құпияны сақтай білу, тек науқасың пайдасына қарай ем қабылдай білу.



Қазіргі заман талабына сай әрбір дәрігер өз құқығын білуге тиіс. Науқасқа қызмет көрсету барысында, медициналық қызмет кезінде дәрігерлердің жолында кездесетін қиындықтар молишылық. “Ақ халатты абзал жандар” деп аталып кеткен медицина қызметкерлері де қарапайым адамдар. Бұл тақырыпта Мед. қызметкерлерінің құқығын қорғайтын Дүниежүзі бойынша Ассоциациялар құрылған. Мысалы: Ұлыбританияда “Дәрігер құқығы” атты қоғам бар. Дәл осы қоғамның Ұлыбритания дәрігерлері мүшесі болып абылады. Дәрігерлік қателіктің құрбандары болған медицина қызметкерлерінің құқығын сот алдында осы қоғам қорғап шығуға тиісті

Ауруды емдеу – дәрігердің міндеті ауырмайтын жол іздеу – Сіздің міндетіңіз

Көпшілікті ортада түрлі науқастардың болатыны белгілі. Дұрыс тамақтанбау, денсаулыққа көңіл бөлмеу, артық салмақ қосу, экологияның дұрыс сақталмауы секілді факторлар ауруларының көбеюіне соқтырады. Оның үстіне, халқымыздың қанына сіңген жаман әдет – көпшілік жұрт ауруы әбден меңдеген тұста, жан алқымға таяғанда барып дәрігердің есігін қағады. Мұндай кезде жәрдем беру қанша керемет деген маманның өзіне ауыр соғады. Дәрігер Құдай емес, адам дүниеге келуі хақ болса, адамнің өлуі де хақ. Сол себептен әр бір дәрігер өз міндеттерін дұрыс орындаса оған қоятын кінә болмайды.



Қазақстан Республикасында Дәрігер ҚҰҚЫҒЫ

Қазақстанда дәрігер құқығы мен науқас құқығына қатысты арнайы заң жоқ. Дәрігердің қателігі немесе бақытсыздық жағдайынан болғанын анықтау мүлдем қиын. Ал жаңа әрі қауіпті әдіспен емдеу ісі құқықтық жағынан қаралмаған. Әлемдік қауымдастықтың мойындайтынындайы да бар, медициналық көмек көрсету саласындағы келеңсіздіктерді қатаң жазалауды бірінші орынға шығару керек. АҚШ, Швеция, Испания, Голландия, Қытай, Жапония сынды елдерде медицина қызметкерлерінің жауапкершілігіне заң жағынан қатаң қарайды. Ресейде науқастың өміріне зиян келтіргені үшін үш жылға дейін бас бостандығынан айырып, аурухананың айналасына жолай алмайтындай етіп, аластап жібереді. Ал науқасты арғы дүниеге аттандырып жіберген жағдайда бес жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Қылмыстық заңнаманы салыстыра қарағанда, Қазақстан мен Ресейдің заңдары ұқсас келеді. Медицина қызметкерлерін жауапкершілікке тарту ҚР Қылмыстық кодексінде қарастырылған. Өз қызметіне салғырт қарау бойынша ҚР ҚК 114-бабы бар. «Азаматтардың конституциялық құқығына нұқсан келтіру» бойынша 144-бап, «Дәрігерлік құпияны жария ету» бабының 2-бөлімінде қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Сондай-ақ ҚР Қылмыстық кодексі бойынша медицина мамандарына «Абайламай өлтіріп алу» бойынша 101-бап, науқастың органдары мен тканьдерін заңсыз алу 113-бап, (ВИЧ/СПИД) дертін әдейі жұқтыру бойынша 116-бап, заңсыз аборт жасау 117-бап, науқасқа көмек көрсетпеу бойынша 118-бап, психо-неврологиялық стационарға күштеп жатқызу бойынша 127-бап, адамдарды сату 128-бап, сәбилерді ауыстырып қою бойынша 134-бап, баланы асырап алуды жария еткені үшін 135-бап, есірткі заттарын психотропты заттарды жасағаны, сақтағаны үшін 259-260-баптар бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады.



Қорытынды.

Дәрігер өз мамандығының беделі мен репутациясын және дәрігерлік істің стандарттарын жетілдіріп, керекті дәрежеде қолдап отыруға міндетті. Дәрігер өзінің кәсіби даярлығына сын көзбен қарап, өз қабілеті жетпейтін біліктілікке ұмтылмағаны жөн. Дәрігер өзінің қызметі мен кәсіби білімдерін қарсы пайдаланбауы тиіс. Яғни дәрігер әрдайым өзінің білімін тереңдетіп компитенттілігі мен біліктілігін арттырып отыруы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Жалпы хирургия
2. www.google.ru